Больше всего экстренных торможений железнодорожниками было применено в феврале – 22 и одно служебное. Основная причина – нахождение скота на железнодорожных путях. По недопущению таких случаев с владельцами домашних животных проводятся разъяснительные работы. По каждому случаю применения экстренного торможения с наездом на скот передается информация в правоохранительные органы для совместной отработки. Ежегодно сотрудниками стальной магистрали устанавливаются скотоизгородки. Кроме этого, каждый месяц проводится анализ применения экстренных торможений с выявлением причин и динамикой роста по сравнению с прошлыми периодами.

В свою очередь локомотивными бригадами для обеспечения безопасности движения поездов в пути следования ведется наблюдение за свободностью пути. Особое внимание – в местах скотопрогона. При нахождении домашних животных вблизи железнодорожной пути по радиосвязи оперативно передается информация дежурному по станции, а также встречным и позади идущим поездам.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар

ЛОКОМОТИВЫ – НА ОСМОТР

С 10 апреля в Карагандинском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-14) проводится ежегодное мероприятие – весенний комиссионный осмотр, то есть перевод узлов и агрегатов локомотивов на летний режим работы.

По словам начальника депо Асана Умбетова, всего по ТЧЭ-14 – депо Караганда и ТД-11 – оборотное депо Акадыр ВКО подлежат 191,5 единицы локомотивов. Из них по сериям: ВЛ80 – 138,5, КЗ8А – 20, ТЭЗ3А – 6, ТЭ10 – 2, ТЭМ-2 – 2, ЧМЭ-3 – 23 единицы. На сегодняшний день осмотру уже прошли 87,5 единицы локомотивов, что составляет 46% от общего количества.

Во время весеннего комиссионного осмотра осуществлены следующие работы: замена узлов и агрегатов локомотивов с зимних на летние, корректировка плотности аккумуляторных батареек, снятие утепления с топливной системы тепловозов и другие. Кроме того, силами локомотивных бригад производится покраска кузовов локомотивов. В настоящее время эту процедуру прошли 36 локомотивов, 4 покрашены частично.

Несмотря на введение карантина в Казахстане, в том числе в Карагандинском регионе, начальником депо обозначены важные задачи перед коллективом – проведение безопасной и бесперебойной работы железной дороги, сокращение непроизводительных расходов, также рациональное использование трудовых ресурсов.

Светлана МОГАЙ, Караганда

ОПРЕДЕЛИЛИ
ОБЪЕМЫ РАБОТ

На Защитинской и Серебрянской дистанциях пути разработали и утвердили графики летних путевых работ.

– Сейчас руководители всех предприятий проводят весенние осмотры, согласовывая с нами, где и в каких объемах необходимо провести работы, – рассказал заместитель директора Семейского отделения магистральной сети Алибек Шуманов. – Вся техника Защитинской и Серебрянской дистанций пути исправна, находится в рабочем состоянии. В этом году не запланирован средний усиленный ремонт пути, но будет проводиться средний ремонт. Также сейчас выполняется текущий ремонт пути. Путейцы собирают с перегонов рельсы, вывозят материалы, делают смену шпал. Сейчас план мероприятий составили на летние путевые работы, в том числе по вскрытию нагорных канав, ковочков в летний период, чтобы в последующем талые воды с полей не подтапливали железную дорогу. В этом году вода уже прошла, но летом будем вскрывать кюветы, канавы, убирать из них землю. Кстати, в этом году у путейцев было много работы по очистке искусственных сооружений в связи с обильными снегопадами.

Конечно, в связи с пандемией, объявленными в Казахстане и Восточно-Казахстанской области ограничительными мероприятиями, карантинном в этом году поездом начинается доставка людей к месту работ, есть сложности с въездом в регион специальной путевой техники. Но как только появится возможность, в помощь работникам Защитинской и Серебрянской дистанций пути для проведения среднего ремонта пути придут техника от железнодорожных предприятий других регионов Казахстана.

Кстати, для предотвращения возгораний и пожаров началась опашка на полосах отвода вдоль железной дороги, создаются минерализованные полосы, очищаются от мусора снегозащитные лесонасаждения.

Ольга СТЕБЛЯНКО, Усть-Каменогорск



ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН АНАЛАР

Ақтөбелік Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында ақшалай сыйлық, тұрмыстық бұйымдар және азық-түлік себеттері берілді. Ақтөбе ЖТ бөлімшесінің басшысы Бөріхан Беркімбаев ардагерлерге «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ басқарма басшысы Қайрат Сәуірбаевтың лебізі жазылған құттықтауды табыс етті.

Ардақ ЕРҮБАЕВА,
Ақтөбе

«Сізді Ұлы Жеңістің 75 жылдығы мерекесімен құттықтауға рұқсат етіңіз. Сіздің соғыс жылдары көрсеткен қаһармандығыңыз бен ерлік істеріңізге шын жүректен алғысымызды айтамын. Сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, бақыт пен барша жақсылықтарды тілеймін», – деген «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ басқарма басшысы Қайрат Сәуірбаевтың құттықтау хатында. Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы жолданған сәлемдемені алған ардагерлер қатарында екі бірдей Ұлы Отан соғысының ардагері мен тыл еңбеккерлері бар. «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Белоруссияны азат еткені үшін», «Жуков» медалдарын омырауына таққан Прихо Анастасия Ананьевна мен Ұлы Отан соғысының ардагері Клишина Антонина Евдокимовна ізбасарларының құттықтауын ықыласпен қабылдады.

«Сіздердің көзсіз бағырлықтарыңыз бен жанқияр еңбектеріңіздің арқасында Ұлы Жеңіске қол жеткіздік. Туған жердің еркіндігі үшін жанын пидә еткен абзал жандардың есімі мәңгі ел есінде қалады. Соғыстан кейін де сіздер өз күш-жігерлеріңізді ел

экономикасының күретамырры темір-жол саласын көтеруге жұмсадыңыздар. Ел дамуына қосқан үлестеріңіз ұрпаққа үлгі. Өмір жолдарыңыз – сабақ. Жүз жасаңыздар!», – деп тілек білдірді Ақтөбе ЖТ бөлімшесінің басшысы Бөріхан Беркімбаев.

Жеңісті жақындатқан тыл ардагерінің бірі – Дәметкен Әлмұратова. Қазір 96 жастан асқан еңбек ардагері әлі де тың. Соғыс басталғанда 7 сыныпта оқитын 17 жастағы өрімдей қыз ерте еңбекке араласқан. Соғысқа кеткен енесінің орнында жол бұрушы болып, Шалқар ауданы Тобылғысай разьезінде жұмыс істеген.

«Оқуды тастап, әлім келгенше тынбай жұмыс істедім. 1943 жылдың қаңтарында Қазалыда техникалық мектепте кезекшілік мамандықты бес ай оқып келіп, станцияға жұмысқа кірдім. 1974 жылға дейін Тобылғысай разьезінде еңбек еттім. Отбасын құрдым, балашағалы болдым. 50 жасымда алты баламен зейнетке шықтым. Міне, қанша жылдан бері бейнеттің зейнетін көріп отырмын. Шүкіршілік, бәріне алғысым шексіз», – дейді ардагер Дәметкен Әлмұратова.

Алты бала өсіріп, олардан тараған 14 немере, 26 шөберенің қызығын көріп отырған кейуананың ұрпақтары да теміржол саласында еңбек етіп жүр.

Суретті түсірген автор

КҮБІР АТАНЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Маңғыстау теміржолының басшылығы Жеңістің 75 жылдығына орай өңір теміржолының көзі тірі жалғыз соғыс ардагері Күбір Тілешовты құттықтап барды.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Ұлы Жеңістің 75 жылдығымен қатар 96 жасын тойлап отырған қария бүгінде ұрпағының алып бәйтерегіне айналған. Былғы Жеңіс күнін 6 баласынан тараған 25 немере, 33 шөбересімен қарсы алды. Жылдан жылға өзінен тараған бұтақтардың бұр жарып, гүл ашып, жемісі көбейіп жатқанын көріп бір жасарып қалатын қария үйіне келген меймандарды әдеттегіше жылы қабылдады. Кісі келеді деген күні орден-медальдері тағылған салтанатқа киетін



костюмін иығына іліп, қонақ қабылдауға дайындалады. Бұл жолы да басқалардан да көбірек әріптестерін күткен болу керек, теміржолшылар келді дегенде балаша қуанды. Ақсақалдың қуанышын бөлісіп, Жеңіс күнімен құттықтауға Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Нәжімеден Ғұбашов, персоналды басқару бөлімінің басшысы Екпін Қожахметов, бөлімше кәсіподағының төрағасы Әзірбай Тұрмағанбетов пен ардагер тұратын Жеті-

бай станциясының бастығы барған еді. Қарт майдангерге лебіздерін арнап, алып барған сый-сияпат, тартуларын табыстаған олар ардагердің әңгімесін тыңдап, тұрмыс тіршілігімен танысты. «ҚТЖ - Жүк тасымалы» АҚ бас директоры Қайрат Сәуірбаевтың алғысы мен ақшалай және заттай сыйлығын, Маңғыстау бөлімшесі басшылығы мен кәсіподағының құттықтауын, сыйлықтарын тапсырды.

Суретті түсірген автор

СОҒЫСТЫҢ СОҒҒЫ САРБАЗДАРЫ

Жеңістің 75 жылдық мерекесіне орай Семей ЖТ бөлімшесінің басшылығы байырғы әріптестері, жергілікті соғыс ардагерлерінің үйлеріне арнайы бас сұғып, амандық сұрасты. Қарт жауынгерлерге мерекелік сый-сияпаттарын да тарту етті.

Қуаныш ҚОЖАЕВ
Семей

Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Айдын Шәукеежанов, семейлік кәсіподақ ұйымының төрағасы Алик Досанов пен Семей байланыс және белгі беру дистанциясының бастығы Бейбіт Түменғали және осы мекеменің бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы, ардагер-теміржолшы Мақсұт Көшжановтар бастаған топ ең әуелгі кезекте қарт майдангер Дмитрий Литвиненконың үйіне келді. Өңіріне Қазақстан туы түстес көгілдір жеңіс лентасын таққан қарттың денсаулығы жақсы, әлі тың екен. Жеңістің 75 жылдығымен арнайы құттықтай келген сала басшыларына, теміржолшыларға соғыс даласын-



да түскен жастық шағындағы фотосуреттерін көрсетіп, сол бір сұрапыл жылдарды, ұрыс даласында бақилық болған қаруластарын, өткен күндерді еске алды.

Дмитрий Литвиненко 1943 жылы 17 жасында соғысқа аттанып, жаяу әскерлер сапында батыс Еуропаны басқыншылардан азат етуге қатысқан. Майдан даласында-ақ байланысшы болған жауынгер елге оралған соң да теміржол саласында қызмет атқарып, радист болып ұзақ жылдар бойы еңбек етіпті.

Бөлімше басшылары қарт жауынгерді мерейлі мерекемен құттықтап, Жеңістің 75 жылдығына арналған арнайы сыйлықтарын мен азық-түлік себетін ұсынды.

Келесі кезектегі ардагер ШЧ-29 мекемесінің байырғы теміржолшысы Камкетай Байыров болды. Әдеттегіше, әріптестерін теңізі формасымен қарсы алған қарт өткен-кеткенен қозғап естелік әңгіме де шертті. Осындай мерекелік күндері арнайы құттықтап келетін теміржол саласының басшыларына алғысын да білдірді.

– Мен теміржолға қызметке келген жылдары осы салада 2 мың 200-дің үстінде майдангер еңбек етуші еді. Бүгінде солардан тек екі адам ғана арамьызда жүр. Екеуі де ШЧ-29 мекемесінің ардагерлері, – деп атап өткен Мақсұт Көшжанов ақсақал 94 жасқа аяқ басқан қарияға зор денсаулық, ұрпақ қызығын көруді тіледі.

Соғыстың соңғы сарбаздарына амандық сұраса барған семейлік теміржол саласының басшылары олармен естелік суретке түсті.

Суретті түсірген автор

ТАРИХТЫҢ ТІРІ КУӘГЕРІНЕ ТАҒЗЫМ



"ҚТЖ - Жүк тасымалы" АҚ - Жамбыл бөлімшесі филиалының директоры Үмітбек Рысбеков бастаған топ өңірдегі Ұлы Отан соғысы ардагерлерін құттықтады.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл

Бөлімшенің бастауыш кәсіподақ комитетінің, персоналмен жұмыс істеу бөлімінің, ардагерлер кеңесінің

төрағалары және еріктілер бар топ бес ардагердің шаңырағына барып, Жеңістің 75 жылдығымен құттықтады және тарту-таралғыларын табыс етті. Олардың бәрі соғыстан кейін бейбіт өмірде

отандық теміржол саласын дамытуға қызмет кеткен. Олар алдымен ат басын бұрған Тараз қаласында тұратын майдангер Базарбай Бурбаев биыл 95 жасқа толған екен. Осынша жасқа келгеніне қарамастан, есту қабілеті жақсы, көзі де алыс-жақынды ажырата алады. 1942 жылы Кеңес әскерінің қатарына шақырылған ол 393-ші полк құрамында минометші болған екен. Алайда, ол елдің батысында емес, Манчжурияда, Қиыр Шығыс майданы әскерлерінің құрамында кеңес-жапон соғысына қатысқан. Базарбай Бурбаев соғыстан 1947 жылы ғана оралады. Ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен және басқа да медальдармен марапатталған.

«Соғыс туралы еске алғанды ұнатпаймын. Өйткені, онда көптеген жолдастарымнан айырылдым. Қиын күндерді бастан өткердік. Алайда, майданнан кейінгі өмір жолым туралы қуана айтамын, соғыс даласынан оралғаннан кейін Жамбыл локомотив депосында машинист болып жұмыс істедім. Осы саланың ілгерілеуіне күш салдым. Зейнеткерлікке шыққанша қызмет еттім», – деп ағынан жарылды Базарбай қария. Қария жеті бала тәрбиелеп өсіріп,

олардан он бес немере сүйіп отыр. Он бес шөбересі тағы бар. Олар аталарын қатты жақсы көреді, барынша қамқорлық жасап отыр екен.

Құттықтаушы топ осы күні Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагерлері, теміржол саласының қарт майталмандары Федосья Финютина, Михаил Гладченков, Иван Макеевтің, тоқсан тоғыз жастағы Алексей Пашенконың және Шу қаласында тұратын, Түркісіб теміржолы құрылысының көзі тірі куәгері Дмитрий Серебряковтың шаңырақтарына да барып, қарияларға азық-түлік себеттерін, күнделікті тұрмысқа қажетті сыйлықтарын, естелік кітапшасын, гүл шоқтарын, "ҚТЖ - Жүк тасымалы" АҚ бас директоры Қ. Сәуірбаевтың құттықтау хатын табыс етіп, ыстық лебіздерін білдірді.

«Бұл аталарымыз бен апаларымыз біздің бейбіт өмір сүруіміз үшін от кешті. Осы кісілердің ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін тарихи күнде олардың бәрі де ең үлкен құрметке лайық. Олардың есімдері тарихтың сарғайған беттерінде мәңгілік сақталады», – деп атап өтті филиал директоры Үмітбек Рысбеков.

Суретті түсірген автор

МӘҢГІ ҚАРЫЗДАРМЫЗ...

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің директоры Серғазы Жайлаубай жылдағы дәстүр бойынша Жеңіс күні қарсаңында қалада тұратын тыл еңбеккері Рахила Қанатбаеваның шаңырағында болды.

Ардан СЕРДАЛЫ,
Ақтөбе

«Жеңіс күні – ерліктің символы. Сұрапыл соғыс кезіндегі аға буынның қаһармандығы біздің мәңгі жадымызда, ол ерлік ұмытылмайды. Сіздер бастан кешкен қиын күндер біздің ұрпақтың бақытты күндеріңізді өтеуі. Сондықтан Сіздерге мәңгі қарыздармыз. Ұлы Жеңіске үлес қосқан әрбір ардагер біздің мақтанышымыз», – деді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің директоры Серғазы Жайлаубай.

Ғасырға жуық жасаған Рахила Қанатбаева соғыс көрген. 1943 жылы небәрі 15 жасында бір



жыл бойы соғыс даласында жаралы жауынгерлерге көмек көрсетіп, ота жасайтын дәкелерді ыстық суға қайнатып дала госпиталінде жұмыс істеген. Үйінді астынан мәйіттерді арқалап шығарғандарын еске алды. «Мәйіттерді арқалап жүріп тасыдық. Алғашында өлген адамды көтеріп келе жатып қорқатын едік. Соғыс ол қорқынышты да ұмыттырды. «Жеңіс болады» деп сендік, Отан үшін от кештік. Суықта жыртқық аяқ киімімізді

шешіп, қайтыс болған сарбаздардың етігін киіп алатынбыз. Әр атқан таң мен батқан түнде соғыстың тезірек бітуін тіледік. Бір жылдан кейін тексеріс болып, кәмеелеттік жасқа толмай соғыс даласында жүрген балалар елге қайтарылды», – дейді ардагер.

Елге қайтқан қария Ақтөбенің Шалқар станциясында депоға жұмысқа тұрған. Шойын құятын цехта соғыс құралдарын дайындағандар қатарында еңбек еткен. Бүгінде 94 жасқа шыққан қария мерекемен құттықтай келген жас буын әріптестерін көріп қуанып қалды. Олармен естелік суретке түсті. Рахила апаның үш баласы да ұзақ жыл теміржолшы болып еңбек етіп, өмірден озды. Бүгінде қызының қолында тұрады.

Бұл күні теміржолшылар әр елді мекенде тұратын ардагерлерді аралады, Жеңістің 75 жылдығына арналған медальдарын табыстап, қарттарға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Қандыағаш белгі беру және байланыс дистанциясы бастығы Мұрсал Мақсұт бастаған теміржолшылар Давира Бусурманова, Елизавета Борисова, Валентина Криворучко, Әлпеш Дошанова, Тамара Костенко, Қабылқазы Абдуллин секілді тыл ардагерлерімен кездесіп, мерекелік құттықтаулар табыс етті. Сұрапыл соғыс кезінде және одан кейін де ұзақ жыл шойынжолда еңбек еткен барлық ардагерге азық-түлік себеті жеткізіліп, материалдық көмек көрсетілді.

Суретті түсірген автор



ҚАРТ МАЙДАНГЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ МОЛ

Қызылорда бөлімшесі бойынша Жеңістің 75-ші көктеміне жеткен үш майдангердің бірі Талжан Жанасов Сексеуіл станциясында тұрады.

Ол Қазалы электрмен жабдықтау дистанциясында жұмыс жасайтын баласы Мұқаштың отбасындағы немере-шөберелерінің сүйікті атасы. Қарт майдангерді мамыр айында құттықтаушылар қарасы мол болғанымен, бүгінгі топты ардагердің өзі ерекше сезіммен күтеді. Себебі бұл топ ардагердің өз ұжымы. Сексеуіл станциясының бастығы Сапарғали Салмаев, орынбасары Махамбет Кенжеқараев, Сексеуіл локомотив пайдалану депосы бастығының орынбасары Еркебұлан Аяғанов, цехком Рысқұл Қуатов, машинист-нұсқаушы Нұрлан Жұмқановтар бұл жолы да топ болып келіп, ардагерді құттықтады. Соғыс ардагері Сексеуіл пайдалану локомотив депосының есебінде тіркелген. Теміржолшылар қарияға «ҚТЖ» ЖТ» АҚ басшылығының атынан Қ.Сәуірбаевтың арнайы құттықтау хатын жеткізді және «Жеңістің 75 жылдығы» төсбелгісін табыс етті.

– Соғыста Чехословакия мен Праганы неміс басқыншыларынан азат еткен ардагеріміз бейбіт заманда Сексеуіл депосында машинист көмекшісі, машинист болып, теміржолдың өркендеуіне үлес қосты, қаншама жасты осы мамандыққа баулыды. Оның отбасында дүниеге келген жеті баладан тараған ұрпақтарынан бірнешеуі қазіргі таңда аймақ теміржолында жемісті еңбек етуде. Біз майдангер ардагерімізді ҚТЖ компаниясы мен Қызылорда ЖТ бөлімшесі басшылығының атынан құттықтап, батасын алдық. Қарт майдангердің кеулесіне мерекелік төсбелгісін тағып, компания басшысының арнайы құттықтау хатын тапсырдық. Арнайы азық-түлік себеті мен қаржылай көмек ұсындық. Майдангер қарияның ұсыныс-тілектерін ешқашан ескерусіз қалдырмай, мүмкін болған барлық көмегімізді жасап келеміз, – деді Сексеуіл локомотив пайдалану депосы бастығының орынбасары Еркебұлан Аяғанов.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Сексеуіл
Суретті түсірген автор

ПОСЕТИЛИ СВОИХ ВЕТЕРАНОВ

День уважения участникам Великой Отечественной войны – бывшим труженикам стальной магистрали отдали железнодорожники в Защитинском регионе.



Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Заместитель директора Семейского отделения магистральной сети Алибек Шуманов, представитель отдела кадров Семейского отделения грузовых перевозок в Усть-Каменогорске Куралай Жагыпар и председатель профкома Берикхан Тлеужанов посетили персонально каждого из своих ветеранов. Они принесли им хоро-

шие продуктовые наборы, комплекты постельного белья.

Увы, но участников военных событий 1941-1945 годов с каждым годом становится все меньше. На учете у железнодорожников в этом году остались только Анна Пьяненко и Василий Снегур.

Конечно, ветераны войны, когда-то крепкие и сильные люди, уже не могут похвастаться здоровьем. Годы берут свое. Анна Пьяненко – 96 лет, Василию Снегuru – 93. Если в прошлом году перед Днем Победы железнодорожники приехали к Василию Снегuru в больничное отделение, где он находился на лечении, то в этом году он был дома. Но, увы, уже почти не встает с кровати. Но своих гостей он узнал.

– Наши ветераны всегда радуются, когда мы приходим, – рассказал Берикхан Тлеужанов. – Василий Андреевич Снегур пожелал нам всего хорошего. Он и Анна Ивановна благодарили нас за подарки и внимание.

Железнодорожники всегда помогали своим ветеранам чем возможно. Несколько лет назад Василию Снегuru сделали ремонт фасада его дома, помогли вскопать огород, Анне Пьяненко привезли уголь. И уже много лет к 9 мая они приносят участникам войны, состоящим у них на учете, хорошие подарки.

Фото Берикхана ТЛЕУЖАНОВА



О ТЕХ, КТО УЖЕ НЕ ПРИДЕТ НИКОГДА

Сотрудники Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо в канун 9 Мая возложили цветы к обелиску погибших солдат.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам начальника депо ТЧЭ-14 Асана Умбетова, в преддверии главного праздника – Дня Победы – наши работники отдали дань уважения солдатам, не вернувшимся с войны, всем кто погиб в боях и не дожид до сегодняшнего дня.

– Не стоит забывать о ветеранах Великой Отечественной войны, много лет проработавших в депо, – говорит он. – Это Георгий Седых. В 1943 году 18-летним парнишкой Полонским райвоенкоматом Кировской области был призван в ряды Красной армии. Георгий Михайлович прошел боевой путь в составе 232-го запасного полка, 12 стрелкового полка 31 артиллерийской дивизии, 93 гаубичной артиллерийской бригады до увольнения из рядов Советской армии в марте 1948

года. Он награжден орденами Отечественной войны II степени и Красной Звезды, а также медалями «За боевые заслуги», «За победу над Германией», «За взятие Берлина», «За освобождение Праги». После увольнения из армии с 1948-го по 1950 год работал плотником в судостроительной организации в Кировской области. Затем переехал в Казахстан в Карагандинскую область, где до пенсии проработал машинистом в локомотивном депо.

Кинаш Шакиенов родился в новогодний праздник – 1 января 1921 года в Ворошиловском районе города Баян-аул. 13 марта 1942 года, когда ему исполнился 21 год, Сталинское РВК города Караганды призвало его в ряды Красной армии. Он воевал в составе 49-го пограничного полка города Львова. Награжден орденом Отечественной войны II

степени, медалями «За оборону Киева», Маршала Жукова, «За доблестный труд в годы войны» и юбилейными медалями. В 1947 году Кинаш уволился из рядов Красной Армии. После войны учился в городе Белгороде по специальности «машинист теплового». Затем 30 лет проработал машинистом в локомотивном депо Караганды.

– Очень важно помнить о тех, кто воевал за наше светлое будущее и мирное небо над головой. Ко всему прочему воспитывать у школьников патриотические чувства, чувство гордости за свой народ, светлую память о погибших солдатах. Развивать у молодого поколения гордость за героическое прошлое народа и гордость за нашу Родину, формировать у них патриотические качества и чувство причастности к истории Отечества, – отметил Асан Умбетов.

Фото автора

С ЧЕСТЬЮ ВЫДЕРЖАЛИ ИСПЫТАНИЕ

Непростой жизненный путь пришлось пройти костанайскому ветерану Николаю Зиме. Родился он в поселке Красноармейка Денисовского района Костанайской области. В декабре 1944 года был призван в армию, направлен в 277-й стрелковый полк артиллеристом и пулеметчиком. Участвовал в войне с Японией, где был тяжело ранен. Лечился в госпиталях.

Малик АСЛАНОВ,
Костанай

Демобилизовался из армии в 1946 году, после чего работал на станции Зааятская весовщиком. Для продолжения образования поступил и окончил профторшколу, после которой был назначен начальником станции Денисовка. Затем работал дежурным по станции. Имеет звание лейтенанта железнодорожной службы. В 2004 году отметили с женой 55-ю годовщину совместной жизни, они вырастили и воспитали 3 детей.

За свою славную фронтовую и трудовую жизнь Николай Федорович был удостоен ордена «Отечественной войны II степени», медалей Маршала Жукова, «За победу над Японией», «Ветеран труда», юбилейных медалей.

– Мы воевали за нашу общую Родину и с честью выдержали это испытание, – говорит сегодня Николай Федорович. – Хочется, чтобы нынешнее поколение не забывало подвиг своих отцов и дедов. В День Победы вспоминаю своих боевых товарищей и наши фронтовые дороги. Хочу в этот день поздравить всех соотечественников с нашей великой Победой!



ВЫРАЗИЛИ ПРИЗНАТЕЛЬНОСТЬ

Руководство Костанайского отделения грузовых перевозок совместно с представителями профсоюзов и Совета ветеранов региона поздравили железнодорожников – ветеранов Великой Отечественной войны с Днем Победы и вручили им подарки.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

На сегодняшний день в Костанайском регионе проживают семь ветеранов Великой Отечественной войны. Трое из них в районах, четверо – в областном центре. В канун празднования 9 Мая праздничная делегация совершила объезд всех ветеранов, чтобы лично поздравить их с памятной датой.

Первый визит делегация, возглавляемая директором Костанайского отделения ГП Вячеславом Мироновым, нанесла 94-летнему участнику войны Андрею Шарову. Андрей Яковлевич – ветеран войск НКВД, первый свой бой принял в 1944 году на Украине в противостоянии с бандеровцами.

– Я воевал шесть с половиной лет, даже после окончания войны, пока мы полностью не освободили Украину от бандеровцев, – вспоминает ветеран.

От Костанайского отделения ГП, Совета ветеранов, профсоюза ветеран получил в подарок новый плазменный телевизор, цветы, а также увесистую сумку с продуктами. Такая забота растрогала ветерана, который в свою очередь подарил представителям делегации свои собственные картины. Андрей Яковлевич – художник-самородок, и его картины – портреты, пейза-

жи, украшающие стены квартиры, – являются настоящими произведениями искусства.

– Низкий поклон Вам, – сказал в свою очередь Вячеслав Миронов. – Мы обязаны Вам сегодняшним мирным небом над головой. Здоровья Вам, Вашим близким, с праздником Вас!

Затем делегация посетила Виктора Малыгина, Михаила Погорелова и Василия Тузу. Каждый из них получил в подарок букет цветов, пылесос либо стиральную машинку, а также 40-килограммовую сумку с продуктами. Ветераны были тронуты тем, что компания не забывает их, ежегодно поздравляет с праздниками.

– Большое спасибо компании! – говорит Виктор Малыгин. – Я помню не только войну, но и свою работу на железной дороге. Тогда мы водили паровозы, кидали уголь в топку, а сегодня по рельсам ходят тепловозы. Меняются времена и техника, но неизменным остается отношение компании к своим работникам!

Аналогичные подарки получили и ветераны, проживающие в районах. Всех их – и горожан, и сельчан – объединило в эти дни не только участие в Великой Отечественной, но и работа на казахстанской железной дороге.

Фото автора

ОСОБЕННЫЙ ДЕНЬ ДЛЯ КАЖДОГО

В преддверии празднования 75-летия Победы в Великой Отечественной войне руководство и профсоюзный комитет Акмолинского отделения грузовых перевозок поздравили ветеранов войны и узников фашистских лагерей.

Надежда НОВИЦКАЯ,
Кокшетау

– Мы поздравили наших ветеранов, выехав на станции Курорт-Боровое, Нур-Султан и Кокшетау. Дети наших сотрудников организовали письменные поздравления в виде рисунков с пожеланиями. Ввиду последних событий поздравление прошло в очень узком кругу с применением всех дезинфицирующих и защитных средств, – говорит директор Акмолинского отделения грузовых перевозок Айнабек Жукашев.



Всего на учете в Акмолинском отделении ГП 4 ветерана войны. Это Михаил Кочетков, Федор Бочаров, Василий Сердюков и Кузьма Козак. Также 2 узника фашистских лагерей – Надежда Афонина и Софья Ломакина и одна блокадница Ленинграда – Надежда Ковальд.

Ветераны встретили гостей радушно, поделились своими впечатлениями. Для сотрудников отродно было видеть улыбки на их лицах.

Главное, что удалось создать праздничное настроение в особенный для ветеранов день.

Представители Акмолинского отделения приехали не с пустыми руками. Благодаря оказанной финансовой поддержке руководства АО «КТЖ – Грузовые перевозки» и филиала профсоюза АО «КТЖ – Грузовые перевозки» были приобретены продуктовые корзины и памятные подарки.

Фото автора

ГОД ВОЛОНТЕРА

ДОРОГОЙ ДОБРЫХ ДЕЛ

В Казахстане продолжается социально-благотворительный проект «Жеңіс». Волонтеры стараются максимально охватить всех заботой и вниманием. Они уже навестили и оказали помощь 640 участникам Великой Отечественной войны и труженикам тыла из 35 городов. Всего до конца года планируется обеспечить социально-бытовой помощью более 1500 ветеранов по всей стране.

Руслан РАХМЕТОВ

Соблюдая все меры предосторожности, юные и энергичные волонтеры с радостью идут ветеранам с помощью, доставляют продукты и предметы первой необходимости. Особое внимание уделяют тем, кто проживает в одиночестве или испытывает необходимость в помощи в связи с состоянием здоровья. По мнению ребят, участникам войны и тыловикам очень важно простое человеческое внимание, они часто делятся своими многочисленными историями о том, как жили, как воевали, теряли товарищей и верили в победу.

– Проект реализуется Фондом

развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust» совместно с Фондом социальных проектов при АО «НК «Қазақстан темір жолы». Сегодня в нем задействованы 200 волонтеров, и мы приглашаем присоединиться к нам всех неравнодушных граждан страны, желающих помочь ветеранам и труженикам тыла, – отметил официальный представитель Фонда «Samruk-Kazyna Trust» Мирас Ирғабев.

Волонтеры помогают пожилым людям по хозяйству: прибирают в доме и во дворе, покупают продукты и лекарства, беседуют с ними. За 5 лет существования проекта к ветеранам и труженикам тыла было совершено более 10000 волонтерских рейдов.

Координатор проекта «Жеңіс» в городе Алматы, ревизор по безопасности движения вагонного хозяйства АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Алматинское отделение ГП» Диас Байғоңусов в проект «Жеңіс» пришел в этом году и очень рад стать частью масштабного волонтерского движения.

– В моей команде 18 человек, мы регулярно проводим рейды и уже навестили более 40 ветеранов и тружеников тыла в Алматы. В условиях карантина работа волонтеров стала одной из значимых. Помогать ветеранам, поддерживать их, сопереживать и заботиться о них – призвание, которое причащает меня к созданию, – поделился он.

К слову, в текущем году также будет продолжена акция по предоставлению бесплатного железнодорожного проезда ветеранам войны, рожденным не позднее 31 декабря 1935 года, по территории Казахстана и стран СНГ. Для оформления билета необходимо обратиться в железнодорожные кассы и иметь при себе оригинал документа, удостоверяющего личность и удостоверение участника или инвалида войны, а труженикам тыла – пенсионное удостоверение с отметкой о назначении специального государственного пособия. Воспользоваться акцией можно будет сразу после отмены режима карантина.

Фото автора

ТҮРКСІБКЕ – 90 ЖЫЛ



ОҒЫЗ-ҚОРҒАНДА ӨТКЕН ЕДІ...

Түрксіб темір жолының ашылуы 1930 жылы кеңес еліндегі ең маңызды оқиғалардың бірі болғаны анық. Сол айтулы оқиғаға 90 жыл толып отыр. Ұлы құрылыстың онтүстік және солтүстік тармағы түйісуінің салтанатты шарасы өткен Жетісу жеріндегі Айнабулақ станциясы ертеде Оғыз-Қорған деп аталған екен.

Сол Оғыз-Қорғанда өткен салтанатты митингте РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов, Қазақстан ХКК төрағасы О. Исаев, Башқұрт ОАК төрағасы Т.Ш. Шафиков, Коминтерн Атқару комитеті президиумының мүшесі Сен-Катаяма, сондай-ақ Семейдегі Қытай Бас консулы Мо-Вей-Тун қатысып сөз сөйлегені айтылады. КСРО-ның түкпір-түкпірінен тілшілер, оның ішінде «Гудок» газетінің өкілі Илья Ильф пен Евгений Петров келді. Олардың әйгілі «Алтын бұзау» романында Түрксіб «Шығыс магистралі», ал түйісу орны – «Даңғырлақ бастау» деп аталады. Демек, астыртын миллионер А.И.Корейконың сырлы миллионды асқан шебер алаяқ Остап Бендерге беруі осы Айнабулақ станциясында болған.

Жалпы, XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орталық Азия мен Сібірді байланыстырған бірегей жоба Қазақстан үшін маңызды оқиға болды. Түркістан-Сібір темір жолының құрылысы (Түрксіб) 20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында қазақ халқын біріктірді. Көпшілік үшін бұл жаңа, жақсы және жарқын өмірдің үмітіне айналды. Түрксіб тарихы - бұл ең алдымен теміржолда жұмыс істеген қаралайым қазақстандықтар. Құрылыс алаңына Кеңес елінің түкпір-түкпірінен жұмысшылар келді. Дала, өзендер мен таулар арқылы мың жарым шақырым темір жол салынды. Құрылыс бастапқыда 5 жылға жоспарланған болатын, ал іс жүзінде үш жарым жылда салынып бітті.

Көптеген тарихи тұлғалар Түрксібпен байланысты. Мысалы, әлемге әйгілі Калашников автоматты жасаушы Михаил Калашников Түрксібте (Матай станциясында) жұмыс істеді және оның айтуынша, оның техникаға деген қызығушылығын тудырған депо машинистері мен темір ұсталары болған. Түрксіб құрылысына көмек көрсету комитетінің мүшесі Мұхамеджан Тынышпаевтың рөлін ерекше

атап өткен жөн. Оның бастамасы арқасында жол жөндеуші агенттер курсы құрылды, онда алғашқы жылы-ақ елуден астам қазақтар оқытылып, мамамдық алып шықты.

Ал, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың бұл құрылысты басқарып, жүргізудегі орны мен рөлі орасан зор. Ол қазақтарды теміржол құрылысына тартып, олардан жұмысшылар және маман кадрлардың қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді. Қазақ даласында жүріп жатқан ұлы құрылыстың тікелей басы-қасында болып, жан аямай еңбек етті. Ф.Голощекиннің және оның айналасындағылардың қарсылығына қарамастан өзі бұрыннан билетін М.Тынышпаевты қазақтан шыққан алғашқы жоғары білімді теміржол маманы ретінде Түрксіб құрылысына тартты.

1958 жылы Түркістан-Сібір теміржолы Қарағанды темір жолымен бірге Қазақ темір жолына біріктірілді. 1977 жылы Қазақ теміржолынан Алматы темір жолы бөлініп шықты. Содан кейін тәуелсіз Қазақстанның барлық темір жолдары біріктіріліп, 1997 жылы «Қазақстан темір жолы» мемлекеттік кәсіпорны құрылды.

Ұзындығы 1500 шақырымдық Түрксіб теміржолы барлық үмітті толық ақтады. Қазақстан мен Орталық Азия республикалары экономикасы мен мәдениетінің айтарлықтай өсуіне ықпал етті. Оның айналасында көптеген өнеркәсіптік және ауылшаруашылық кәсіпорындары құрылды. Түрксіб отандық теміржол салу мектебі ретінде белгілі болды. Мұнда көптеген теміржол мамандары қалыптасып, олар жақсы кәсіби дайындықтан өтті және керемет инженерлік кадрлар өсіп шықты. Түрксіб құрылысшыларының тәжірибесі мен қызметі отандық теміржол құрылысының алтын қорына айналды. Олардың ұрпақтары бүгінгі күні өз ата-бабаларының игілікті істерін үлкен жауапкершілікпен одан ары жалғастыруда.

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы

ЖӘДІГЕР

ТЫНЫШПАЕВ САЛҒАН ТУННЕЛЬ

12 мамыр – Мұхаметжан Тынышпаевтың туған күні. Қазақ теміржолының атасы деуге лайық тұлға тәуелсіз қазақ елінің тарихынан лайықты орнын алды ма, жоқ па, білмейміз. Білетіміз, теміржолдың өн бойында ұлы тұлғаның өшпес қолтаңбасы сайрап жатыр...

1879 жылы Жетісудың Лепсі өңірінде туған Тынышпаев 1905 жылы Санкт-Петербургтің теміржол институтын үздік бітірген. Кәсіби теміржол инженері ретінде Тынышпаевтың есімін Түрксібпен ғана байланыстырамыз. Ал оның кеңес үкіметі орнағанға дейін Арыстан Пішпекке (қазіргі Бішкек) дейін Жетісу теміржол тармағын салған еңбегі жайлы көп айтыла бермейді.

Тарихтан белгілі, 1903-1905 жылдары Орынбор - Ташкент теміржолы салынды. Бүкіл батыс өңірді басып өтіп, Ақтөбе, Қызылордадан бері Арысқа дейін тартылған теміржол одан әрі Ташкентке дейін жалғасады. Ал осы жолды бері Жетісуға қарай созуды патша өкіметі сол кезде-ақ ойластырған. 1912 жылы Арыс - Бішкек теміржол құрылысын жүргізу туралы қаулы қабылданып, қазақтан шыққан теміржолшы-инженер М. Тынышпаев Ресей жол қатынастары министрінің бұйрығымен осы теміржол құрылысының бастығы, әрі бас инженері болып тағайындалады.

Бұл жерде патша үкіметі құрылысқа басшылық жасауды жергілікті ұлт өкілінен шыққан маманға тапсыруының да өзіндік себептері жоқ емес, әрине. Біріншіден Тынышпаев құрылысқа қажетті жұмыс күшін таба алатыны, ел мен жер жағдайын жақсы білетіні, жергілікті халықпен басқа да мәселелерге қатысты тіл табысатыны күмәнсіз еді. Патша үкіметі осы жағын да есепке алса керек.

Арыстан бері қарай тегіс жерде жол салу анау айтқандай қиындық туғызбасы анық. Ал ең қиыны таулы-шатқалды Түлкібас еді. Сол Түлкібаста күні бүгінге дейін ел аузында «Тынышпаев туннель» деген атпен қалған тарихи орын барын көпшілік біле бермейді. Тастан қашап салған туннель мұрты бұзылмаған күйі әлі тұр. Бүгінде техниканың күшімен салатын мұндай құрылысты бір ғасыр бұрын қазақтар тастан қашап, қайла-қүрекпен үңгіп қолмен салған.


Шымкентте Өміртай Қалықұлов есімді ақсақал тұрады, ұзақ жылдар естіді саласында қызмет атқарған ардагер ел мен жер тарихын, соның ішінде Рысқұлов пен Тынышпаевқа қатысты деректер жинап, зерттеулер жазып жариялап жүр. Сол кісінің жер-

гілікті газеттердің біріне жариялаған мақаласынан үзінді келтірейік: «Жер жанаты, Тәңіртаудың баурайы. Қаратау мен Алатаудың төс түйістірер тұсында орналасқан құтты мекен Түлкібас өңірінде сыры тереңде жатқан тарихи орындар, ашылмаған құпиялар көп. Соның бірі - бір ғасырдан астам бұрын салынған теміржол туннель. «Жетісу тармағы» деген атпен белгіленген Арыс-Бішкек теміржолын салған Тынышпаев осы туннельдің авторы және жүзеге асырушы. Жол құрылысы 1914 жылы Арыс станциясында басталып, Түлкібас өңірін 1915-1916 жылдар жалғастырады. Туннель құрылысы 1915 жылы басталады. Құрылысқа жергілікті өңірден жұмысшылар тартылып, негізгі жұмыстың бәрі қолмен атқарылған.

Ал таудағы тастарды қолмен қашап, ұзындығы бір шақырымнан астам, ені 11 метр, ал биіктігі 30 метр келетін теміржол туннеліне арналған ұңғыны қашап шығу қаншама күш-жігерді қажет етті десеңізші. Туннельдің өн бойында тастан өріліп, соғылған белдеулер, оның үш жерінде адам отыратын орындар жасалған. Осы жол, бірегей туннель соғыстан кейінгі жылдарға дейін жұмыс істеп тұрды. Кейін жабылып, оның орнын тауды жанамалай, ашық аспан астында салынған темір жол бағыты алмастырды» деп жазған ардагердің пікірінше, таулы-тасты Түлкібастың қия беткейінен салынған туннель теңдессіз, Одақта бірегей құрылыс болып есептеледі.

Өткен жылы Мұхаметжан Тынышпаевтың 130 жылдығы атап өтілді. Ұлы тұлғаның жиен қарындасы, Тынышпаев қорының президенті Нұршакен Жүнісқызы осы шараға орай Шымкент көлік және коммуникациялар колледжіне кездесуге барған сапарында әдейілеп сол туннельді баршы көреді. Қаладан 30 шақырымдай қашықта жатқан, Түлкібастың биік шыңында орналасқан туннельге жетудің өзі оңай болмапты.

«Жергілікті азаматтарға рахмет,



бастап барып көргенде бір қуаныш, бір өкініштен жыладым. Бірегей құрылысты көріп таң қалдық. Адам қолы жасаған керемет осындай-ақ болар! Туннельдің нағыз тарихи жәдігер екеніне көз жеткізуге болады. Аудан әкімі Нұрбол Тұрашбеков деген жақсы азаматтың қолдауымен туннельге ескерткіш-тақта орнатылыпты. Мен ойладым, «Рухани жаңғыру» жобасы аясында қолға алатын мұраның бірі осы емес пе? Түлкібастың ғажайып сұлу табиғатын пайдаланып, осы өңірде неге туризмді дамытпасақ? Сол адам қолымен жасалған кереметтерді елге көрсетпесек? Шетелдіктер таң қалған болар еді ол туннельге. Ал біз бай тарихымызды, өз құндылығымызды өзіміз бағаламай отырған жоқпыз ба?» – дейді Нұршакен апа.

Тарих демекші, Түлкібас станциясындағы көне вокзал да сол құрылыс кезінде Тынышпаевтың жобасымен салынған. Теміржолмен әрі-бері өткен жолаушы халық үшін Түлкібас - алманың отаны ретінде ғана танымал шығар. Себебі, иісі бұрқыраған Түлкібастың нартай кызыл алмасының аты Қазақстан түгелі шет елге де таныс. Ал маңдайшасына «Түлкібас вокзалы» деп жазылған осынау көне ғимараттың қанша сырды ішіне бүгін жатқанын кім бісін?!

Биыл Түрксібтің 90 жылдығына орай Луговой станциясын Түрксіб деп өзгерту жайлы ардагерлер ұсыныс жасап жатқаны белгілі, ал Түлкібас станциясы – Тынышпаевқа сұранып-ақ тұрған жоқ па?! Бұл біздің ұлт қайраткері алдындағы парымыз болмақ.

Меруерт ЕСЕНБЕКҚЫЗЫ

САУДА-САТТЫҚ ХАБАРЛАМА

